

«ҚАЗКӨЛІККӘСІП» ҚБ МЕН «РОСПРОФЖЕЛ» ҚҰ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӘНЕ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ ҰҚПАЛДАСА ӘРЕКЕТ ЕТУДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ ДЕСЕК БОЛАДЫ. ОСЫ ҚҰЖАТТЫҢ АРҚАСЫНДА КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІ
ҒАНА ЕМЕС, ШЕКАРАЛАРЫМЫЗ ЖАНАСАТЫН АУМАҚТЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ ӨЗАРА ТИІМДІ ӘРЕКЕТ ЕТЕ АЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР, 1520 ЖОЛ ТАБАНЫ КЕҢІСТІГІ, ЖАЛПЫ ТЕХНОЛОГИЯ БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ.



Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы



№49 (2979)
11/06/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

72 САҒАТҚА СОЗЫЛҒАН ТОЛАСКЕЗ

Жаз – теміржолды сауықтыру, магистральдық желіні жөндеу жұмыстары жанданатын маусым. ҚТЖ биыл 1400 шақырымнан астам жолды түрлі жөндеуден өткізеді. Оның ішінде 570 шақырымнан астамы күрделі жөндеу.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бүгінгі таңда жер-жерде жол жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатыр. Өткен аптада Қызылорда теміржолында үш тәулікке созылған толаскез өтті. 5 маусым күні таңғы сағат 6.00-де толаскез алынып, 741 метр жолдың күрделі жөндеу жұмысы басталды.

Биыл Қызылорда бөлімшесінің еншісіне беріліп отырған күрделі жөндеу көлемі 43,16 км. Аққұм – Талап телімінде басталған жұмыстар Ақмая мен Екпінді разьезіне жалғасып, Шиелі мен Қараөзек-Қызылорда-Белкөлге ұласты. Өткен аптадағы үш тәулікке созылған толаскез – осы ауқымды жұмыстың Қызылорда бекетіндегі станциялық жолдарда жалғасуы.

Күрделі жөндеуді Дәурен Сұлтамұратов басқаратын «Интегра констракшн» серіктестігі «Батыс»



дирекциясының құрылысшылары жүргізуде. Қызылорда қосалқы бөлімі бастығының орынбасары Бекжан Өтеулиев барлық жұмыстардың қатаң бақылау шеңберінде жүргізіліп жатқанын жеткізді. Жол төсемінің сапасы технологиялық талапқа сай төселуін, станцияға келіп-кететін жолаушы және жүк пойыздарын

қабылдап-жөнелту кесте бойынша іске асырылуын Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасарлары Ербол Оңғарбаев, Нұрлан Бимұратов, Жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов, Қызылорда станциясының бастығы Қайрат Нұрдинов, вокзал бастығы Жарас Қойшығұловтар реттеп қадағалауда.

– Биыл Қызылорда аймағында Аққұм-Талап, Ақмая-Екпінді, 20-бекет-Шиелі, Қараөзек-Қызылорда-Белкөл және Бекбауыл-Қамыстыбас станциялары аумағында 43.1598 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізіледі. Қызылорда жол дистанциясының Қараөзек-Қызылорда-Белкөл учаскесіндегі жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары нәтижелі аяқталды дегуге болады. Соңғы 72

сағаттық толаскезде Қызылорда станциясындағы басты жолдардың бірі саналатын жолаушылар пойыздарын қабылдап-жөнелтетін екінші жолдың 745 метрлік ұзындығында күрделі жөндеу жүзеге асырылып, үш тәулікте толаскез мәресіне жетті, – деді Бекжан Өтеулиев.

Жөндеу жұмысына ескі шпалдарды сегіп алып жинайтын УҚ крандары, ескі қиыршық тастарды тіліп, қопсытып босататын ауыр тракторлар, жол табанын тегістейтін грейдер-тракторлар, қиыршық тас төсейтін, тегістеп, көтеріп нығыздайтын, рельс түзулігі мен тегістігін технологиялық талаптарға сәйкес бабына келтіретін УҚ, ВПО, Хопер, Дуомат, ПРМ арнайы техникалар тартылған.

Суреттерді түсірген автор

ВСТРЕЧА В ЦЯНСУ



KTZ Express расширяет сотрудничество с ведущими китайскими логистическими компаниями. Так, 4 июня 2024 года KTZ Express провела переговоры с China Railway International Freight Forwarding Co., Ltd. (CRIFF) и одной из ведущих логистических платформ провинции Цзянсу – Jiangsu International Rail Freight Express Co., Ltd.

Отметим, провинция Цзянсу является грузообразующим регионом, который обеспечивает 15% всей промышленности КНР и 3% мировой индустрии.

В ходе встречи обсуждены вопросы, связанные с развитием транспортно-логистического сотрудничества в рамках инициативы «Один пояс – один путь», а также обсуждены возможности по таможенному оформлению товаров и отправке грузов электронной коммерции.

Напомним, что в марте текущего года между KTZ Express и Jiangsu International Rail Freight Express Co., Ltd. было подписано соглашение о стратегическом сотрудничестве и достигнуты договоренности по совместной организации и отправке контейнерных поездов через Казахстан, в том числе по ТМТМ.

Асель ШАЙХЫНОВА

АСТАНА ТОРАБЫ – САЛА ДАМУЫНЫҢ АЙНАСЫ



Астанада Қазақстан темір жолының 120 жылдығы аясында «Теміржол саласының қалыптасуы мен дамуындағы Нұр-Сұлтан станциясының тарихи рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің және Нұр-Сұлтан станциясы қызметкерлері, Астана торабының сала ардагерлері, кәсіподақ ұйымы мен «Аманат» партиясы өкілдері, сондай-ақ «100 жас есім» жобасының қатысушылары қатысты.

Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабдылова дөңгелек үстелді аша отырып, бүгінгі жиынның мақсаты аға буын мен өскелең ұрпақ арасында диалог орнатып, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру және бас шаһардағы Нұр-Сұлтан станциясының теміржолдың қалыптасуы мен дамуындағы тарихи рөлі туралы әңгіме өрбіту екенін атап өтті.

«ҚТЖ» компаниясы құрамында 48 мыңға жуық зейнеткер бар. Біз мұны мақтан тұтамыз және компания зейнеткерлерін еш уақытта елеусіз қалдырған емес. Теміржол ардагерлерінен құралған Консультативтік кеңес сияқты үлкен орган бар. Бұдан басқа Орталық, Астана тораптық және өңірлердегі ардагерлер кеңесі белсенді жұмыс істеп, сала өміріне қатысып келеді», – деп атап өтті Ақмарал Жарасқызы.

Бұдан кейін сөз алған «Аманат» партиясы Есіл филиалының хатшысы Санира Жүсіпова партия ұйымдары ішінде теміржолшылар белсенді екенін, бүгінгі жиында ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісіне куәгері болғанына қуанышты екенін жеткізіп, осы дәстүрдің жалғаса беруіне тілектестігін білдірді.

Бұдан кейін Нұр-Сұлтан станциясын біраз жыл басқарған сала ардагері Қайрат Оразбаев пен қазіргі бастығы Нәдірхан Қайсаров сөз алып, бас қаланың қақпасы саналатын Нұр-Сұлтан станциясының темір жол саласындағы рөлі, саланың дамуына қосып отырған үлесі мен келешегі туралы пікір бөлісті.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Астана филиалының төрағасы Серік Сәрсекеев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ардагерлер кеңесі Орталық аппаратының төрағасы Берік Айтбеков те сөз алып, аталған жиынның басты тақырыбына орай ой қозғанды.

Сала ардагерлерінің естеліктерімен бөліскен бейнеролик көпшілік назарына ұсынылып, аға буынның мәдени, спорттық, басқа да әртүрлі іс-шараларға толы қоғамдық өмірі көрсетілді.

Сұлғұл БАКЕСОВА
(Жалғасы 2-бетте)



Ербол ТУСУПОВ,
заместитель генерального
директора по организации
перевозочного процесса
ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»:

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ВСЕГДА ОКАЗЫВАЮТ СОДЕЙСТВИЕ В ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДСТВИЙ ЛЮБЫХ ЧС. ВО ВРЕМЯ ПАВОДКОВ МЫ МОБИЛИЗОВАЛИ ВСЕ СИЛЫ И СРЕДСТВА ДЛЯ ОПЕРАТИВНОЙ ПОМОЩИ ПОСТРАДАВШИМ РЕГИОНАМ – УСКОРЕННО ГРУЗИЛАСЬ И ПЕРЕВОЗИЛАСЬ ТЕХНИКА. ТАК, ЧТОБЫ СВОЕВРЕМЕННО ДОСТАВИТЬ К МЕСТУ ЧС ПОНТОННЫЕ МОСТЫ, НАШИ ПОЕЗДА ЕХАЛИ СО СКОРОСТЬЮ 1 000 КИЛОМЕТРОВ В СУТКИ. БОЛЬШОЙ ВКЛАД ВНЕСЛИ НАЧАЛЬНИКИ ОТДЕЛЕНИЯ ГП, ВАГОННИКИ, МАШИНИСТЫ И ДРУГИЕ СЛУЖБЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

БОЛЕЕ
5,6 тыс.
ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ
АО «КАЗТЕМТРАНС»
ОТРЕМОНТИРОВАНО
С ЯНВАРЯ ПО МАЙ 2024 ГОДА.

К ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ
2024-2025 ГОДОВ ОБЪЕМ
ПЕРЕВОЗКИ УГЛЯ ЖЕЛЕЗНОДО-
РОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ
СОСТАВИТ ОКОЛО
74 млн тонн.

БОЛЕЕ
4 тыс.
УЧАЩИХСЯ ПОЛУЧИЛИ
ИНФОРМАЦИЮ О ПЕРСПЕКТИВАХ
РАЗВИТИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ
ОТРАСЛИ В РАМКАХ ПРОФОРИЕН-
ТАЦИОННЫХ ВСТРЕЧ.

Сотрудничество

ПИЛОТ ПО ТРАНСАФГАНСКОМУ КОРИДОРУ

Организована первая мультимодальная перевозка через Трансафганский коридор. Так, в рамках сотрудничества по развитию экспортного потенциала АО «KTZ Express» и АО «QazTrade» в партнерстве с пакистанским логистическим оператором National Logistics Corporation (NLC) осуществили пилотную мультимодальную перевозку в порт Джебель-Али (ОАЭ) через Афганистан и Пакистан.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Транспортная цепочка началась на СЭЗ «Павлодар» 27 апреля текущего года с погрузки продукции в две фуры по 21 тонне и отправке на ТЛЦ «Жетыген», где был осуществлен перегруз в два 40-футовых морских контейнера. Далее контейнеры были

установлены на грузовики с прицепом-контейнеровозом и отправлены в пакистанский порт Карачи.

В Карачи груз прибыл за 20 дней, преодолев 4 900 километров. Уже 1 июня текущего года контейнеры были погружены на фидерное судно и 3 июня доставлены в порт Джебель-Али (ОАЭ).

Общий срок транспортировки составил 38 суток, что стало для клиента наиболее эффективным решением. Всего по данному маршруту планируется перевезти в июне-июле 60 контейнеров.

Данный пилотный проект является результатом слаженной работы АО «KTZ Express» и партнеров, а также явля-



ется мультимодальным сервисом, расширяющим возможности казахстанских экспортеров по поставке

продукции на целевые рынки стран Ближнего Востока, Южной и Юго-Восточной Азии.
Фото автора

ЖЕР ГҮЛДЕРМЕН КӨРІКТІ...

5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен оның филиалдарында және желілік кәсіпорындарда кең ауқымда аталып өтті. Экология күні шеңберінде «Жер гүлдермен көрікті» акциясы өткізілді.

Ислам ТАЛФАТ,
Астана

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясына қарасты Жол және құрылыстар, Автоматика, телемеханика және телекоммуникация, Электрлендіру және энергетика, Материалдық база департаменттерінің бөлмелерінде «Земля улыбається цветами» – «Жер гүлдермен көрікті» акциясына орай аңшлағтар ілінді. Кеңседе қолайлы және жайлы атмосфера қалыптастыру, сондай-ақ компьютерлерден, принтерлерден шығатын электромагниттік

сәулеленуден қорғау үшін және қызметкерлердің күнделікті жұмысынан бір мезгіл көңілін ауытқыту үшін гүл отырғызу, гүлдердің топырағын ауыстыру, жердің құнарлылығы мен қасиеттерін жақсарту, өсімдіктерді агрессивті тікелей сәулелерден қорғау, өсімдіктерді тынайықштармен қоректендіру іс-шаралары жүргізілді.

– Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнін өткізу туралы арнайы бұйрықтар шығарылды. Теміржол кәсіпорындары қызметкерлерімен қоршаған ортаны қорғау тақырыбына артысты жиналыстар өткізіліп, осы күннің мақсат-міндеті,




маңызы талқыланды. Сонымен қатар аңшлағтар ілініп, атмосфераға ластаушы заттар және парниктік газдар шығарындыларын азайту, өндіріс қалдықтарын азайту бойынша

Суретті түсірген автор

ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ ЖЕЛІСІ ЖАНҒЫРТЫЛУДА

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



ЦИФРАНДЫРУ

ҚТЖ Huawei-мен ынтымақтас-тық шеңберінде деректерді берудің корпоративтік желісін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізіп, заманауи жабдықтар орнатуда.

Бүгінгі таңда магистральдық тораптарды іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Желілік инфрақұрылым объектілерін жаңғыртудың арқасында бизнес-қосымшалар мен ҚТЖ сервистері арасында деректерді беру жылдамдығы жоғарылап, орталық және өңірлік бөлімшелер арасындағы байланыс арналарының өткізу қабілеті артады және ақпараттық қауіпсіздік жақсарады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас есептеу орталығының мамандары атап өткендей, мұның бәрі ҚТЖ ақпараттық сервистерінде жұмыс істеу кезінде жүк алушылар мен жүк жөнелтушілер үшін көрсетілетін қызметтердің сапасына оң әсерін тигізеді. Бұдан басқа, деректерді берудің корпоративтік желісін жаңғырту бизнес-процестерді одан әрі цифрландыру, инновациялық және заманауи ИТ-шешімдерді енгізу үшін негіз болады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ СӨЗ БОЛДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



ДАТА

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі еңбекті қорғау секторының басшысы Ғалымжан Прішев пен жетекші инженер-эколог Ұлжалғас Арқабаеваның ұйымдастыруымен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні аясында арнайы іс-шара өтті.

Қызылорда станциясындағы салалық мекемелер – Өрт сөндіру және қалпына келтіру пойызы жұмысшылары, вокзал қызметкерлері қатысқан жиында экология тақырыбында баяндама жасалып, слайдтар арқылы мәліметтер көрсетілді.

– Жиында әрбір адамға қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын, айналаның тазалығы, өндірістің қалдықтардың арнайы белгіленген орындарға жылылып қайта өндеуге өткізу, ең арғысы қарапайым су, түрлі сусындар құтысынан босатылған пластикалық ыдыстардың өзі бей-берекет тасталған жағдайда айналаның экологиялық тазалығына кері әсер етіп, адам денсаулығына зиян келтіретіндігін жеткізуге тырыстық. «Пластикалық қалдықтардың адам өміріне қауіптілігі» тақырыбында слайд көрсетілді. Жалпы, кез келген заттың дұрыс пайдаланылмаған жағдайда адам денсаулығына зиян тигізетіндігін түсіндірілді, – дейді сектор басшысы Ғалымжан Прішев.

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні тәулік бойы сан рет құбылатын қолайсыз ауа-райы, аймақтағы экологиялық ахуал да сөз болмай қалған жоқ.

НӘЗІК ЖАНДАР ҮЛЕСІ МОЛ

Әділет МҰСАХАЙ
Астана



МЕРЕЙ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның аймақтарда еңбек ететін қызметкерлері Астанада бас қосты. Оның ішінде бірқатар вокзал қызметкерлері кешегі су тасқыны кезіндегі елеулі еңбегі үшін марапатталды.



Елордада жиналған қызметкерлердің дені халықпен тікелей жұмыс істейтін мамандар. Нақтырақ айтсақ билет кассасы мен анықтама бюросында еңбек ететін нәзік жандар. Олардың көпшілігі кешегі төтенше жағдай кезінде аянбай еңбек етіп, су тасқыны болған аймақтардан ҚТЖ тегін тасымалдауды жүзеге асырған 23 мыңнан астам адамға қызмет көрсетті.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов еліміздің әр түкпірінен жиналған қызметкерлерге атқарып жатқан еңбектері үшін алғыс айтты.

«Сіздердің жолаушылар тасымалына қосып жатқан еңбектеріңіз орасан. Қыстың боранды күндері өзге көлік түрлері тоқтап қалғанда және су тасқыны орын алған төтенше жағдайда теміржол көлігі халыққа шұғыл көмекке келді. Кешегі су тасқыны болған аймақтардан 1,5 мың баланы лагерлер мен сауықтыру орындарына жеткіздік. Мұнда жер-жердегі вокзалдарда тәулік бойы ауысыммен еңбек ететін сіздердің үлестеріңіз мол», – деді Ж.Тайжанов.

Әр аймақтан келген мамандар екі күн бойы біліктілік арттыру семинарына қатысады. Ол жерде жолаушымен дұрыс қарым-қатынас жасау, күйзеліске төзімділік, іскерлік этика бойынша дәрістер тыңдайды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АСТАНА ТОРАБЫ-САЛА ДАМУЫНЫҢ АЙНАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көп жыл Астана вокзалына басшылық еткен Нұрислам Сулейманов жолаушылар шаруашылығының даму жылдарынан естелік айтты.

«Бірінші пойыз Ақмолаға 1929 жылы 8 қарашада келді. 1931 жылы Ақмола станциясы пайдалануға беріліп, 380 жолаушыға арналған, жалпы аумағы 1318,8 шаршы метрді құрайтын екі қабатты вокзал салынды. 1939 жылы Ақмола – Қарталы теміржол желісінің салынуымен қала ірі көлік торабына айналды. Ол Солтүстік Қазақстанның алты облысын біріктірген Тың өлкесінің әкімшілік орталығы болды. Қаланың және станцияның қарқынды дамуына байланысты 1961 жылы 500 жолаушыға арналған көпфункционалды вокзал салынып, ол Қазақстандағы ең үлкен вокзал деп саналды. 1962 жылы Ақмола станциясы Целиноград болып өзгертілді. Және де ол Қазақ темір жолындағы ірі станциялардың бірі болды. Станция арқылы күн сайын жүк қозғалысын айтпағанда, 20 жұптан астам жолаушылар пойызы жүретін», – деп станциямен қатар вокзалдың да дамуы қатар жүргенін атап өтті Нұрислам Нурулұлы.

2019 жылдың басында Астана-1 станциясы Нұр-Сұлтан-1 станциясы болып атауын өзгертті. Ал 2017 жылы ЭКСПО қарсаңында тәулігіне 35 000 жолаушыны өткізу қабілетіне ие жаңа вокзалдың бой көтеруімен




Астана-Нұрлы жол станциясы пайда болды. Жиында «100 жас есім» жобасының қатысушылары Әйгерім Сәдуақасова мен Рауан Нұрахметов «Вокзалдардың дизайн-коды» туралы, ал Қырмызы Махамеджанова мен Мадина Есетова «Чат-бот HR көмек» тақырыптарында таныстырылым жасады. Әйгерімнің айтуынша, Нұрлы жол теміржол вокзалында пайдалану бөлімінде жұмыс істегенде, ұсақ-шұғыл жөндеу бөлігінде жиі қиындықтарға тап болған. Мысалы, ақпараттық баннерлердің, маңдайшадағы жазулардың бақылаусыз орналасуына байланысты, оларды алып тастағаннан кейін көбінесе таспаның іздері, сызаттар, бояулары қалады. Пайдалану қызметі ол жерлерді жаңа бояумен бояу керек. Ол үшін қабырға түсіне сәйкес Ral-ді табу қажет. «Сондықтан біздің жобаның мақсаты:

түс гаммасын, габариттерін стандарттау, ақпараттық конструкцияларды (баннерлер, маңдайшалар, навигация) белгілі бір орындарға орнату талаптары мен нормаларын әзірлеу арқылы вокзалдарда бірыңғай стилистикалық және қауіпсіз ортаны қалыптастыру болды», – деді ол жоба таныстырылымында.

Ал «Чат-бот HR көмек» жобасының теміржолшылар үшін санаторийге жолдама алу барысында көп көмегі бар екен. Бұл жоба іске қосылған кезде, теміржол саласы қызметкерлері мен ардагерлері ҚТЖ-мен серіктес шипажайлар тізімін, қанша орын барын, қандай ем-домдар көрсетілетіні, тағысын тағы ақпараттарды көре алады. Бұл жобаларға тәнті болған ардагерлер жастарға табыс тілеп, өз тараптарынан ұсыныстар да айтты.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – ИГІЛІКТІ ІС



КӨКЕЙКЕСТІ

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Атырау магистральдық желі бөлімшесінде экологиялық қауіпсіздікке арналған ауқымды шара өтті. Оған жол, электрмен қамту, байланыс дистанциялары, өрт сөндіру және қалпына келтіру пойыздары мен вокзалдар ұжымдары қатысты.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жиынды бөлімше басшысының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденов ашып, қоршаған ортаның адамға әсері мен темір жол саласында оны қорғаудың жүзеге асырылып жатқан бірқатар тетіктерін атап өтті. Жалпы, барлық ұжымдарда экология күніне алдын ала дайындық төрт бағытты қамтыған: бірінші, ұжымдарда экология күнінің маңызын түсіндіру, сосын көрме, марафон, акциялар өткізу. Яғни экология туралы баяндамалар, қолдан жасалған экобұйымдар, бөлме гүлдері көрмесі, құстарға ұя жасау, сенбілік ұйымдастыру, жаяу жүру, пакетті экосөмкеге ауыстыру, т.б. көптеген шаралар орындалған. Жиын барысында осы аталған талаптардың орындалуын білдіретін бейнероликтер көрсетіліп, онда жоғарыда аталған әр ұжымның қоршаған ортаны қорғауға қалай атсалысатыны және қандай шаралар қолданылып жатқаны баяндалып, бір ұжымдарда бейне таспа көрсетілсе, бірінде тек слайдтар арқылы берілді. Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен вокзал шаруашылығы бірінші орынды жеңіп алып, кәсіподақ атынан

қаржылай сыйлық алды. Басқа ұжымдар да алған орындарына сәйкес марапатталды. «Экология – балалар көзімен» атты көрме ұйымдастырылып, онда бүлдіршіндердің қоршаған ортаны қорғау тақырыбын бояу қарындашпен бейнелеген еңбектері сарапқа салынды.

Бөлімшенің еңбек қорғау және экология қызметінің жетекші инженері Ағния Қонысованың айтуынша, бөлімше бойынша экологиялық талаптар орындалып келеді. Мәселен, ауаға тарайтын зиянды қалдықтардың мөлшері 2022 жылы 54,56 тоннаны құраса, 2023 жылы ол 24,79 тоннаға азайған. Оның басты себебі – көмірмен жылытылатын пештердің электрмен жылыту жүйесіне ауыстырылуы. Сонымен қатар ауадағы озон қабатының жұқаруына алып келетін парниктік газдың мөлшері де азайған. Өткен жылы тұрмыстық қалдықтарды тапсыру 70 670,4 кг құрап, 23 175,4 мың теңгені құраған. 4 043 кг қалдық сұрыптауға жіберіліп, 703 880,00 теңге кіріс әкелген. Оның ішінде тек қағаз қалдықтары – 501 кг, пластик – 17 кг, жарамсыз аккумуляторлық батареялар – 3 425 кг. Бөлімше бойынша 3 секциялы сұрыптауға арналған барлығы 116 контейнер пайдаланылуда. Биылғы жылы



жарамсыз компьютерлік техникаларды қабылдайтын ұйымдар ашылып, оларға 512,5 кг жарамсыз компьютерлік техника тапсырылып, ол үшін 26625,00 теңге кіріс кірген. Энергияны үнемдеу арқылы шығындарды оңтайландыру бойынша өткен жылда 300 дана ескі шамдар энергия үнемдейтін шамдарға ауыстырылып, экономия 392 000 мың теңгені құраған. «Кірпіні құтқар! Батареяға өткізіп, табиғатты сақта!» атты экологиялық жоба бойынша 2022 жылы 724, ал 2023 жылы 882 батареяға тапсырылған. Маманның айтуынша, жерге түскен бір батарея бірнеше шаршы метр жер мен жөндікті бүлдіреді екен. Қоршаған ортаны қорғаудың бір жолы жасыл желектер десек, бөлімше бойынша былтыр 174 терек, ал биыл 214 терек отырғызылыпты.

Жиын соңында жыл бойына жақсы жұмыс жасаған эколог-мамандар, атап айтқанда Атырау жол дистанциясының экологы Ж.Мендиян, Атырау ШЧ-8 – Ж.Айтминова, Ақжайық ШЧ-9 – Г.Тоқсанбаева, Құлсары ШЧ-11 – Р.Жаманшиев, ЭЧ-4 – А.Хасенова, вокзал шаруашылығы экологы М.Ізмұқанов марапатталып, оларға Алғыс хат табыс етілді.

Суретті түсірген автор

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛДЫ?



ОҚУ -ЖАТТЫҒУ

Мәртөк станциясында Ақтөбе жүк тасымалы мен Ақтөбе магистральдық желі бөлімшелері бас инженерлерінің қатысуымен өртке қарсы оқу-жаттығу өтті. Азаматтық және қорғаныс қызметі өкілдерінің қатысуымен өткен кешенді шара жоспардағыдай қорытындыланды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Ақтөбе өрт сөндіру пойызы Мәртөк станциясында өткен тактикалық оқу-жаттығуға қатысты. Шара Ақтөбе облыстық ТЖД және Мәртөк аудандық әкімдігімен бірлесіп өтті.

Шартты түрде Мәртөк ауданының тұсында жүк пойызының цистернасы жолдан шығып кетті. Цистернада күкірт қышқылы бар. Ақтөбе өрт сөндіру пойызына техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың салдарынан жою міндеті жүктелді. Күкірт тиелген цистернаның дәне-рлеген жерінен зақым келіп, 0,008 мм тесік пайда болды. Өрт сөндіру пойызының қыз-



меткерлері арнайы қысқыш арқылы сыртқа атқылап жатқан күкірт қышқылының төгілуін тоқтатты. Жерге аққан күкірттің жан-жағын құм толтырылған қаптармен қоршап, ауаға тармау үшін су бұшағы қолданылып, залалсыздандырылды.

Туындаған қауіптің ауқымына қарай, оқиға орнында төтенше

жағдайды жою бойынша жедел штаб құрылды. Апат орнына 16 адамнан тұратын жеке құрам жіберілді. Нәтижесінде күкірттің ауаға таралуын тоқтатып, қауіптің алды алынды.

«Оқу-жаттығу болғанымен, шараны барынша шынайы жасауға тырыстық. Бұл – қызметкерлерді шыңдап, қауіп

кезінде әрекеттерді есте сақтауына тиімді. Жаттығу кезінде ең алдымен жеке құрамның жедел және шапшаң, әр қимылды сауатты орындауы маңызды. Өрттің алдын алу бағытындағы жұмыстарды нығайту шарасы ойдағыдай өтті. Бұл апаттық жағдайда жұмыс істеуге жеңіл болады», – деді Ақтөбе өрт сөндіру пойызының бастығы Бауыржан Файзулла.

Оқу жаттығу кезінде өрт сөндіру пойызының бөлімше бастығы А.Нығметов, газдан-түтіннен қорғау шеберлері К.Мұстафин мен Т.Сағиевтің шеберліктері ерекше аталды. Аса мұқияттылық танытып, күкірт тиелген цистерна тегітін бекітіп, ағып жатқан улы затпен жұмыс жасау шеберліктерін көрсетті. Нәтижесінде ұланып қалған тұрғын дер кезінде оқиға орнынан шығарылып, алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Ұлы зат елдімекенге тараған жоқ. Тұрғындар зардар шекпеді. Жерге төгілген күкірт үсті толықтай көбікпен жабылды. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою талапқа сай жүзеге асырылды.

Суретті түсірген автор

ПЕРЕВОЗКА ЗЕРНА УВЕЛИЧИЛАСЬ В ТРИ РАЗА



ФОРУМ

Объем перевозок грузов между Казахстаном и Китаем достиг рекордных 28 миллионов тонн.

В Китае прошел первый казахстанско-китайский зерновой форум с участием представителей Министерства транспорта, ҚТЖ, бизнес-компаний и других государственных органов. Стороны обсудили дальнейшие возможности товарооборота между РК и КНР, а также условия поставок экспортных грузов.

На форуме отмечалось, что благодаря совместной работе объем перевозок грузов между двумя странами по итогам 2023 года

вырос на 22% по сравнению с предыдущим годом и достиг рекордного показателя – свыше 28 миллионов тонн. Экспорт грузов вырос на 35%, до 12,6 миллиона тонн.

Казахстанская сторона проинформировала о проводимой масштабной работе по ремонту пути, модернизации средств сигнализации и автоматики, строительству новых участков и расширению инфраструктуры на участке Мойынты – Достык.

Стороны также договорились создать рабочую группу для выявления и решения возникающих вопросов при перевозке экспорта в КНР.

На сегодняшний день одними из основных поставляемых культур Казахстана в Китай являются ячмень и пшеница.

– Благодаря совместной работе обеих сторон в 2023 году после пандемии удалось возобновить перевозки в КНР, что позволило в 2,5 раза увеличить экспорт зерновых культур. Так, в 2021 году было экспортировано порядка 347 тысяч тонн, в 2022 году – 747 тысяч тонн, а в 2023 году – два миллиона 227 тысяч тонн, рост – в три раза, – отметил заместитель председателя Комитета железнодорожного и водного транспорта МТ РК Нуржан Кельбуганов.

Айлин БАУРЖАН

РЕМОНТ ПО ПЛАНУ



ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

В Астанинской дистанции пути (ПЧ-17) в самом разгаре работы по текущему содержанию и ремонту железнодорожного полотна. На участке Астана – Анар в настоящий момент с помощью комплекса австрийских путевых машин ведется вырезка загрязненного балласта.



Любовь РОВБА,
Астана

Ранее работниками дистанции с применением машин тяжелого типа проведена сплошная вырезка выльсков пути на участке Сорокова – Анар – в местах, препятствующих установленным скоростям. Выльски образуются вокруг шпал – из-за воздействия воды, проходящих поездов, земли балласт под шпалами измельчается, что может привести к неисправности железнодорожного пути, влияющей на плавность движения поездов. Поэтому вырезка и очистка балласта – один из важных этапов путевых работ. Это достаточно трудоемкий процесс, в котором, как правило, задействованы спецтехника. В этом году на обслуживаемом ПЧ-17 участке с помощью

щеднеочистительных машин РМ очищено 18,6 километра, путерихтовщиков ПРБ – 10,6 километра, комплекса австрийских путевых машин (ДМ, ДГС и ПБР) – 50,4 километра.

Сейчас вырезка выльсков ведется на участке Астана – Анар. Кроме того, осуществляется одиночная смена деревянных шпал на железобетонные.

После зимы Астанинская дистанция пути уже провела большой объем работ: очистку и пропуск воды через искусственные сооружения (мосты, каналы и трубы), приведение 90 пар плетей в оптимальный температурный режим. При наступлении теплого времени года металл имеет свойство расширяться. Чтобы избежать «выброса» пути, монтеры пути проводят так называемую разрядку плетей и их закрепление.

– Все работы ведутся согласно плану. В третьем квартале с помощью укладочного крана DESEC будет произведена сплошная смена стрелочных переводов на станциях Астана, Сорокова, Анар, Макинка, Тонкерис и Акколь – всего 34 комплекта. Также на раздельных пунктах, находящихся вдали от населенных пунктов, установят современные пункты обогрева для отдыха и приема пищи производственных бригад. Эта работа уже начата, – рассказал начальник технического отдела Астанинской дистанции пути Ернур Смагул.

Благодаря своевременному текущему ремонту пути работниками Астанинской дистанции пути обеспечиваются безопасный и непрерывный пропуск поездов на обслуживаемом участке.

Фото автора

ДЕЙСТВОВАТЬ БЕЗ ПРОМЕДЛЕНИЯ



НАГРАЖДЕНИЕ

Молодой сотрудник железнодорожного вокзала шахтерской столицы Бекбарыс Сагатуллаев предотвратил попытку суицида жительницы Караганды и тем самым спас ей жизнь. За смелый поступок руководство узла решило представить своего работника к награде от компании ҚТЖ.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам начальника вокзала Шерхана Несипбека, этот неординарный случай произошел 5 июня текущего года в вечернее время.

– На железнодорожном объекте, на втором этаже в зале ожидания, находилась пара – мужчина и женщина. Просматривая камеру видеонаблюдения, проследившись следующая картина: к лежащему на сиденьях посетителю подошли сотрудники ЛОВД. Они решили разбудить мужчину и провести беседу, однако тот стал вести себя агрессивно. Вероятно, такое поведение было связано с тем, что он находился в нетрезвом состоянии, – рассказывает Шерхан Несипбек. – Тогда полицейские

решили отвезти нарушителя на участок и провести с ним беседу. В этот момент находившаяся рядом с ним женщина резко направила вырвало – туда, где расположено окно. Она поднялась на подоконник и была намерена спрыгнуть со второго этажа. В это время дежурный по вокзалу Бекбарыс Сагатуллаев, наводивший порядок в зале, решил действовать без промедления. Он схватил даму за руку и стащил с окна. Малейшие секунды, и женщина оказалась бы на земле, погибнув либо получив тяжелые увечья.

Как стало известно, Бекбарыс Сагатуллаев трудится на железнодорожном вокзале с ноября прошлого года. Он был принят на работу, согласно конкурсному отбору. По словам коллег, за семь



месяцев парень проявил себя с положительной стороны. Он является добросовестным и ответственным сотрудником. Бекбарыс занимается боксом и обладает стрессоустойчивостью. Коллеги вспомнили случай, произошедший не так давно, – молодой человек сумел четко проинформировать иностранных пассажиров о времени отправки поезда, после чего провел их на платформу и помог

сесть в нужный вагон.

Между тем Бекбарыс не считает себя героем, он думает, что так поступил бы любой работник вокзала.

– Я всегда мечтал трудиться на железной дороге, однако это произошло не сразу. После окончания Казахской академии транспорта и коммуникаций имени М. Тынышпаева я работал асфальтоукладчиком и лишь потом устроился на должность дежурного по вокзалу. Работа мне очень нравится. Я всегда рад помогать людям и приносить пользу компании. На вокзале очень большой пассажиропоток – около 10 тысяч человек в день, в связи с чем необходимо проявлять бдительность и быть начеку, – поделился молодой человек.

Много добрых слов звучит из уст пассажиров в адрес работников узла, которые ежедневно совершают благое дело, в частности, по отношению к людям с ограниченными физическими возможностями.

Напомним, в начале текущего года два работника узла подарили коляску для людей с ограниченными физическими возможностями.

Фото автора

ОТРЕАГИРОВАЛИ ОПЕРАТИВНО



УЧЕНИЯ

На вокзале Алматы-2 прошли учебно-тренировочные учения по выявлению пациента с подозрением на опасную инфекцию – холеру.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Целью проведения учебно-тренировочного учения стала подготовка взаимодействия служб и формирований, причастных к проводимым мероприятиям, а также умение действовать в нестандартных условиях.

По задумке, гражданин Р. приехал на железнодорожный вокзал станции Алматы-2, чтобы далее поездом отправиться в Тараз. Ожидая свой поезд в помещении VIP-зала, он почувствовал себя плохо и обратился в медицинский пункт вокзала. Дежурная медсестра, проведя опрос, направила его в изолятор. При опросе у пассажира отмечаются жалобы на частый жидкий стул, боли в животе и выраженная слабость. При опросе установлено, что



больной находился на отдыхе в мае текущего года в Индии по туристической путевке. В связи с этим после анкетирования медсестра ставит предполагаемый диагноз: «подозрение на особо опасную инфекцию – холеру». Далее медицинский работник по телефону сообщает дежурному диспетчеру железнодорожного вокзала Алматы-2 и бригаде скорой помощи о выявлении больного в

медицинском пункте с подозрением на ООИ (холеру). Получивший экстренное уведомление дежурный поста уведомляет все причастные службы в соответствии со схемой оповещения.

В 11.30 на железнодорожный вокзал станции Алматы-2 прибыли все службы, причастные к проведению соответствующих противоэпидемических мероприятий в очаге заражения.

Эпидемиологическая группа в составе врача-инфекциониста после осмотра больного и на основании клинических и эпидемиологических данных поставила диагноз – «холера».

После постановки диагноза больной был экстренно госпитализирован в городскую инфекционную больницу. Среди пассажиров, контактировавших с больным, были проведены лечебно-профилактические мероприятия.

В очаге заболевания Центр дезинфекции провел заключительную дезинфекцию. Как отметили специалисты управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте, в ходе учения все причастные службы без малейшего промедления проявили оперативность, высокий алгоритм действий при выявлении больного. В учениях приняли участие работники вокзала, транспортной полиции, службы скорой помощи, ТОО «Медицинский центр «Life», специалисты Национального центра особо опасных инфекций им. М. Айкимбаева, ГКП на ПХВ «Городской клинической инфекционной больницы им. И. Жекеновой» и Центра дезинфекции.

Фото автора

ВРЕМЯ УБИРАТЬ ЗЕЛЕНЬ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



СУББОТНИК

Субботник по уборке кустарников и травы вдоль железнодорожных путей совместно проведут работники предприятий Семейского отделения грузовых перевозок и Семейского отделения магистральной сети в Оскеменском регионе.

В этом возникла острая необходимость после обильных дождей, которые прошли в Восточно-Казахстанской области и привели к быстрому и неконтролируемому росту зелени.

– Эту работу необходимо выполнить на станциях, перегонах для улучшения видимости, – информировал на еженедельном планерном совещании руководителей железнодорожных предприятий директор Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемканов. – Сейчас поступают замечания от машинистов тепловозов, поэтому надо срочно очищать пути. Все предприятия, выделяйте своих людей для проведения субботника.

По информации заместителя директора Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону Марата Уалиева, для прополки травы, вырубке кустарников на предприятиях организуют вторую очередь по аналогии со снегоборьбой. Для того чтобы справиться с задачей в оперативном порядке, понадобится много людей.

В ЦЕЛОСТИ И СОХРАННОСТИ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ВЖДО

За четыре месяца ВЖДО выявлено семь случаев хищения чужого имущества. Фактов несохранности перевозимых грузов по учету КНО-1 не допущено.

С начала года ВЖДО к охранному сопровождению было предъявлено 5 540 поездов. Статистика радует сотрудников, но тем не менее люди не оставляют попытки похитить чужое имущество. За четыре месяца зарегистрировано семь таких фактов. К примеру, на станции Аксу-1 были задержаны четыре человека за хищение обрубки медного кабеля в количестве 22 штук общим весом около 400 килограммов. На станции Павлодар двое пытались выкрасть десять шпал, там же сотрудник АО «Вагонсервис» украл 50 килограммов угля. Начальником группы организации военизированной охраны Ериком Қунабаевым с работниками железнодорожных предприятий были проведены беседы по теме «Уголовная ответственность за хищение чужого имущества», предусмотренная статьей 188 УК РК. ВЖДО активизировала эту информационно-разъяснительную работу в целях профилактики, в том числе публикации в СМИ об уголовной и административной ответственности за совершение хищений и других правонарушений на железной дороге.

КУДА ПОЙТИ УЧИТЬСЯ?

Яна ЛЕНИНА,
Илецк



ПРОФИОРИЕНТАЦИЯ

На этот злободневный для выпускников Соль-Илецкого детского дома вопрос постарались квалифицированно ответить специалисты филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк».

Профориентационной работе с подростками илецкие железнодорожники придать большое значение. Очередная встреча прошла с выпускниками Соль-Илецкого детского дома, в которой приняли участие мастера производственного обучения Илецкого локомотивного депо Александр Никонов, станции Илецк Светлана Герасименко, специалист по кадрам Жанель Тукиева, инженер-технолог Рамиля Нуржауова и председатель профкома Комар Сангаков.

Они рассказали ребятам о трудовой деятельности таких предприятий железнодорожного транспорта, как Илецкая дистанция пути, Илецкая дистанция сигнализации и связи, Илецкое локомотивное депо, станции Илецк и ПТО, Илецкий линейно-эксплуатационный участок электроснабжения и электрификации, о структуре отрасли и чем занимается каждая служба.

Кроме того, ознакомили подростков с социальной и кадровой политикой национальной компании «КТЖ». Рассказали, какие культурно-спортивные мероприятия проводятся в Илецком филиале, о корпоративных спартакиадах, молодежных форумах и играх, а также, в каких средних и высших учебных заведениях можно получить специальность, востребованную в железнодорожной отрасли.

Ребята очень заинтересовались профессиями железнодорожников, подробно расспрашивали, чем занимаются регулировщик, машинист, составитель поездов, выслушали советы, как выбрать профиль обучения в железнодорожном вузе. Им раздали информационные буклеты об условиях поступления и обучения в профильных учебных заведениях.

Конечно, выпускники перед встречей волновались, ведь им предстоит принять очень важное решение – выбор профессии и жизненного пути. Однако беседа с железнодорожниками прошла в теплой, дружеской атмосфере и настроила ребят оптимистично.

Фото автора

№49 (2979) 11/06/2024

В шахтерской столице с начала июня текущего года вновь заработала единственная в Казахстане Детская железная дорога (ДЖД). Она была построена летом 1956 года и впервые опробована в День шахтера. Официальное открытие состоялось 1 мая 1957 года.



Спорт

Семейлік теміржолшылар бөлімшесінде ұзақ жылдар бойы еселі еңбек еткен Құрметті теміржолшы, кәсіподақ ардагері Алик Досановты еске алу іс-шарасын өткізді. Өмірден озғанына бір жыл болған майталман маманның құрметіне шағын футболдан турнир өтті.



КӘСІПОДАҚ АРДАГЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

Спорттық шараға бөлімшенің Семей мен Өскемен және Аягөз тораптарынан әуесқой теміржолшы-футболшылармен қатар Алик Тұрсынұлының әр жылдары бірге қызмет атқарған әріптестері, қызметтес-шәкірттері, достары мен туыстары, Астана мен Алматы қаласынан қонақтар келді. Турнир Семей іргесіндегі «Теміржолшылар кенті» аталатын ауданда, Алик Досановтың өзі салдырған жасанды футбол алаңында өтті.

Жиналған көпшіліктің алдында Астанадан арнайы келген «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев сөз алып, Алик Тұрсынұлы жайында естеліктер айтып, қызметіне адал берілген, теміржол саласының өркендеуі үшін өмірін сарп еткен жанның жасампаз ісі кейінгі буын үшін үлгі екенін алға тартты.

Ал «Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов өз сөзінде Алик Тұрсынұлының салалық кәсіподаққа сіңірген елеулі үлесі, Семей өңіріндегі теміржолшылар игілігі үшін атқарған игілігі мол шаралары жайында сөз етті. Әсіресе осы «Теміржолшылар» кенті үшін әкімдік пен депутаттарды тартып, көшелерге тас төсеттіріп, балалардың ойын алаңқайын салдырып, осы жасанды футбол алаңын тұрғызғанын тілге тиек етті. Мұндай игілікті шаралар желі бойындағы көптеген шалғай станцияларда да орын алған болатын. Марқұмның соңында осындай сауатты ісі қалды.

Әрі қарай кезек іріктеліп келген үш командаға беріліп, қызу ойын басталды. Алдымен Аягөз бен Семей командалары кездесу өткізді. Тартысты ойын нәтижесінде 5-7 есебімен аягөздіктер жеңіске жетті. Жеңімпаз команда осыдан соң өскемендік қарсыластарымен сығға түсіп, тағы да басым түсті. Нәтижесінде бірінші орынды жеңіп алды. Ал ақтық сығда Семей мен Өскемен командалары кездесіп, Алтайдың етегінен келген теміржолшылар Абай еліндегі әріптестеріне жол беріп, алаң иелері екінші орынды иеленді.

Сайыс соңында Алик Тұрсынұлының жұлдісіне арналған өтпелі кубок салтанатты түрде аягөздік командаға тарту етілді. Сонымен қатар барлық үш команда да кәсіподақ ұйымы тарапынан әзірленген қаржылай сыйлыққа ие болды.

Турнирдің соңынан барша теміржолшылар мен алыс-жақыннан келген меймандар марқұмға бағыштап жайылған асқа қатысты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

ИСТОРИЯ ДЕТСКОЙ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ

Изначально протяженность дороги составляла 1 800 метров. На тот момент действовали две станции – Комсомольская и Пионерская.

В 1980-х годах был построен новый участок в виде петли, расположенный южнее станции Пионерская, также появилась еще одна станция возле зоопарка.

На ДЖД имели возможность проходить практику юные курсанты из числа школьников. Там они пробовали себя в качестве проводников, помощников машинистов, инструкторов. После окончания учебных заведений некоторые ребята поступали в специализированные вузы, чтобы в дальнейшем трудиться в железнодорожных структурах Карагандинского региона. Учебно-воспитательное учреждение просуществовало до конца сезона 2001 года.

По истечении трех лет в честь столетия железных дорог Казахстана ДЖД возобновила работу уже в качестве аттракциона.

В 2006 году движение вновь было прекращено, а в 2007-м произведена реконструкция с целью возобновления движения. 1 мая 2008 года ДЖД стала функционировать вновь.

Два года назад управлением парками культуры и отдыха была проведена реконструкция ДЖД и обновление локомотива. Впервые за долгое существование передвижного состава рабочими был заменен двигатель, а также произведена покраска поезда. На железнодорожных путях обновилась более 100 шпал, а также заасфальтировали перрон.



1 июня 2022 года со сказочной платформы, тематически оформленной в стиле Гарри Поттера, отправился в свой первый рейс Карагандинский Хогвартс-экспресс.

По словам начальника – машиниста Виктора Луценко, учащиеся с разных школ приходят на ДЖД и проводят здесь свое свободное время.

– Мальчишки с интересом изучают локомотив, проверяют билеты у пассажиров, познают азы безопасности и охраны труда на производстве. В будущем они мечтают стать железнодорожниками, и мы им помогаем в этом, – считает Виктор Луценко.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ҰРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСТІ

Жуырда «Әскерилендірілген темір жол күзеті» ЖШС Түркістан филиалының Арыс станциясындағы атқыштар командасының қызметкерлері екі бірдей ұрлықтың алдын алды.

Команда бастығы Қайыржан Қонысбековтің айтуынша, таң-алакеудіңде станция аумағында қызметтік міндетін атқарып жүрген күзетші Н.Сәдуақас аға күзетші Н.Өмірзақова хабарласып, солтүстік парктің 12 жолында тұрған жүк пойызындағы вагонның қорғасын бекітпесін (пломба) бұзу әрекеті болғанын хабарлайды.

Едел-жедел оқиға орнына барған мамандар қорғасын бекітпесінің бұзылғанын растап, күдіктінің аккумулятор батареясын ұрлауға әрекеттенгенін анықтаған. Атқыштар командасының күзетшілері Е.Боранбаев пен К.Атамқұлов жергілікті құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлесе жұмыс жүргізуі нәтижесінде 1998 жылы туған Н.А. есімді азамат тұтқындалды.

Көп ұзамай атқыштар командасының тағы бір күзетшісі А.Нұранбаев та ұрлық оқиғасын әшкереледі. Сұрыптау паркінің 85-ші жолында тұрған вагондардың кран-шумегінің шеткі бөлігі шешілгенін байқаған ол дереу тиісті орындарға хабар береді. Оқиға орнына сол сәтте-ақ мобильді жедел анықтау тобының қызметкерлері мен құқық қорғау органының өкілдері жетіп, ізін сұытпай әрекет ету нәтижесінде 1992 жылы туған М.Д. есімді азамат күдікке ілінді. Өкінішке орай, тергеп-тексеру соңында



вагон бөлшегін ұрлаған күдікті станцияда белгі беруші болып жұмыс істейтіні анықталған.

– Қазіргі кезде күдіктілерге қатысты қызырла органдар тарапынан іс қозғалды. Дерек, дәлелдердің барлығы тергеушілерге ұсынылды, – дейді Арыс станциясындағы атқыштар командасының бастығы Қ.Қонысбеков.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Арыс
Суретті түсірген автор

МАШИНИСТЕР ҚҰРАМАСЫ – ЖҮЛДЕГЕР

Қазақстан темір жолының 120 жылдық мерейтойына арналған көпшілік-мәдени шаралар Қызылорда станциясында жалғасты. Салалық мекемелер арасында шағын футболдан жарыс өтті.



«Қазкөліккәсіп» ҚБ филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов, Қызылорда-ЖТ кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұқтар Көпірбаев ойынның тосын оқиғасыз, қауіпсіз өтуін ұйымдастырумен айналысып, командаларға жарыс жолында сәттілік тіледі.

Бөлімшенің спорт тәлімгерлері Бақытжан Имбергенов пен Фатима Медеуова сайыстың технологиялық талап шарттарына сай өтуін қадағалады. Нәтижесінде Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының «ШЧ-39» құрамасы жүлделі 3-орын, Қызылорда жол дистанциясының «ПЧ-57» құрамасы 2-орынды иеленсе, аймақтық жарыстарда көштің басын

бермейтін Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧЭ-34» командасы 1-орын алып, жеңімпаз атанды.

Жарыс жеңімпаздарына кәсіподақ ұйымдары тарапынан әзірленген естелік сыйлықтар мен кубок, диплом табыс етілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

НА СТАРТ, ВНИМАНИЕ, МАРШ!

В Екибастузе в спортивной школе №1 прошли соревнования «Веселые старты» среди железнодорожников, посвященные 120-летию железной дороги Казахстана.



В спортивном мероприятии приняли участие пять команд. Это Екибастузская дистанция пути, дистанция сигнализации и связи,

дистанция электроснабжения, Екибастузское эксплуатационное вагонное депо и эксплуатационное локомотивное депо.

– «Веселые старты» у нас всегда проходят интересно, эмоционально, потому что все этапы требуют быстрых движений и реакций, градус добавляют и болельщики, – поделилась впечатлениями инструктор-организатор по спорту Павлодарского филиала АО «Казпрофтранс» Наталья Мартынова.

В итоге победителями веселых стартов стали работники эксплуатационного вагонного депо, второе место заняла команда дистанции сигнализации и связи, третье – у эксплуатационного локомотивного депо.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына екі бірдей жағымсыз хабарлама түсті.



Бірі №8801 «Қарақалпақ-Бейнеу» жұмысшы пойызынан, екіншісі Құрық портынан «Хусейн Джавид» буксиріндегі жолаушының жағдайына байланысты болды. Бейнеудегі жағдайда жұмысшы пойызы вагонында жолаушының қатты ауырып, қалтырап, дене қызуы көтеріліп, қолтық асты безі ісініп, денсаулығы нашарлағаны айтылады.

Құрық портынан келген ақпарда кезекші диспетчер қызметіне кеме буксиріндегі жолаушының да жүрегі айнып, лоқсып құсуы, іші өтуі, басы айналып, аяқ-қол бұлшық еттері тартылу сияқты шағымдармен мазасызданып келе жатқаны баяндалады.

Аталған деректер бойынша Бейнеу станциясының санитарлық-каран-

тиндік бөлімі мен Құрық станциясының санитарлық-карантиндік бөлімінің мамандары дереу мүдделі мекемелерге хабар беріп, тиісті шараларға кірісті.

Бұл – Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының кезекті оқу-жаттығуларының сценарий болатын.

Бейнеу станциясы мен Құрық портында өткен бұл іс-шара оба және тырысқақ ауруларының алдын алу және анықталған жағдайда жоспарға сай әрекет ету даярлығын тексеру бағытында ұйымдастырылды, – дейді Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы бастышы Ағзия Темірқасова.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор



В нашей постоянной рубрике мы призываем протянуть руку помощи коллегам-железнодорожникам, их близким, а также ветеранам магистральной, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Заместитель начальника станции Сорокова (по оперативной работе) филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмолинское отделение ГП» Омисерик Жунусов обращается с просьбой о помощи. Его супруге Айгерим Коспановой поставлен диагноз «прогрессирующий идиопатический легочный фиброз, хроническая дыхательная недостаточность 2-й степени».

В связи со стопроцентным поражением левой стороны легких и 30-процентным поражением правой стороны Айгерим вынуждена использовать кислородный концентрат 24 часа в сутки. Кроме того, у нее возникли проблемы, связанные

с нарушением сна.

Для трансплантации легких Айгерим Коспановой необходимо собрать финансовые средства в размере 33 миллионов 750 тысяч тенге. На сегодня семье Жунусовых удалось собрать два миллиона из необходимой суммы.

Призываем вас не оставаться в стороне и помочь коллеге в сложной жизненной ситуации.

Kaspi 4400 4301 6904 1974 (Айгерим К.) или по номеру телефона



Отборочные соревнования по настольному теннису прошли среди работников железнодорожных предприятий Оскеменского региона в рамках празднования 120-летия железной дороги Казахстана.

По итогам личного первенства среди мужчин первое место занял Жандос Әмірбаев из Защитинской дистанции сигнализации и связи. На втором – Александр Селиверстов, третье – у Аяна Нурғалиева. Оба победителя трудятся в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо. Среди представительниц женского пола «ракеткой №1» стала Марина Пархоменко со станции Оскемен-1. Второе место заняла представительница

Центрального совета АО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева, третье – у Салтанат Култаевой из Семейского отделения грузовых перевозок.

– Я регулярно посещаю тренировки по настольному теннису, чтобы быть в спортивной форме, – рассказала Марина Пархоменко. – Поэтому уверена, что за любой победой всегда стоит большой труд.

Победители получили грамоты и денежные призы, а лучшие



теннисисты, по информации инструктора-организатора по спорту ФСК «Локомотив» Изгилика Куйекбаева, примут участие в летней спартакиаде АО «НК «КТЖ».

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск
Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.